

ОЙ ТҰЖЫРЫМЫ



ОЙЛАУ

Ойлау– объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген.



Ойлау

Өзіндік ішкі қарама
–қарсы
қайшылықтарға
толы процесс.

жалпы
психологияның
негізгі бөлімдерінің
бірі.


тұлға
рефлексиясының
қажетті құрылымы
және өзі осы
рефлексияның
объектісі

жоғары психикалық
функциялардың бірі
болып табылады

Г.Эббингауз ойлауға өзінше анықтама бере отырып, бұл процесс адамның тұрақты идеясы және құйын мен идеялық шабысы арасындағы құбылыс деп бағалады.



Ой тәсілдері түрлерінің схемасы



Ойлау формалары ұғым, пікір, ой тұжырымы.

Ой тұжырымы

```
graph LR; A[Ой тұжырымы] --> B[Дедукциялы ой - жалпыдан жекеге қарай жүретін ой тұжырымы.]; A --> C[Индукциялы ой - жекеден жалпыға қарай жасалатын ой тұжырымы.]; A --> D[Традукциялы- жеке - дара жағдайдан жекеге қарай өрбіп отыратын ой тұжырымы.];
```

Дедукциялы ой - жалпыдан жекеге қарай жүретін ой тұжырымы.


Индукциялы ой - жекеден жалпыға қарай жасалатын ой тұжырымы.

Традукциялы- жеке - дара жағдайдан жекеге қарай өрбіп отыратын ой тұжырымы.




Ой


түзсырмы



Ой тұжырымы – берілген бір немесе бірнеше өзара байланысты пайымдардан жаңа пайым қорытып шығаратын ойлау формасы




Ой тұжырымының алғышарттары деп аталатын қорытуға негіз болатын пайымдардан және тұжырым деп аталатын алғышарттардан логикалық жолмен шығарылатын жаңа пайымнан тұрады



“Силлогизм” деп аталатын ең қарапайым ой тұжырымы екі алғышарттан және тұжырымнан құралады. Алғышарттары екіден көп күрделі. Ой тұжырымын силлогизмдер тізбегіне бөліп қарастыруға болады. Алғышарттардан тұжырымға логикалық өту олардың арасындағы мазмұны бойынша байланысты қажет етеді. Ондай байланысы жоқ пайымдардан ой қорыту мүмкін емес.

Алғышарттардан тұжырымға
логикалық түрде өтуді қорыту
дейді. Ой тұжырымы –
бұрыннан бар білімдерден жаңа
білімдерді қорытып шығарудың
логикалық формасы. Мұндай
білімдер қорытынды білімдер
делінеді.



Пайымдау барысында жаңа ақиқат білім алу үшін екі шарт орындалуы тиіс:

1. алғышарттардың ақиқат болуы

2. қорыту ережелерінің қатаң сақталуы.

Қорыту ережелерінің қатаңдығына орай ой ТҰЖЫРЫМЫ

демонстративті
(қажетті)

демонстративті
емес (шындыққа
ұқсас)



Демонстративті ой тұжырымы

тұжырым алғышарттардан қорытылып

шығатын, *демонстративті емес ой*

тұжырымы тұжырымның

алғышарттардан қорытылып шығуы

ықтимал сипат алады.

Ой тұжырымы ой
қозғалысының
бағытына орай

индуктивтік (жекеден
жалпыға қарай)

дедуктивтік (жалпыдан
жекеге қарай)

аналогия бойынша
(жекеден жекеге қарай)


логикалық
квадрат бойынша

айналдыру

Тікелей ой
тұжырым
ы

предикатқа
қарсы қою


ауыстыру



Бірнеше (екі және одан көп) пайымнан тұратын ой тұжырымы орағытылған деп аталады.

Орағытылған ой тұжырымының ең кең тараған түріне қарапайым кесімді силлогизм жатады.

Мұнда алғышарттар есебінде берілген екі кесімді пайымнан қорытылатын тұжырым да кесімді пайым болып шығады. Силлогизмнің құрамына кіретін ұғымдарды силлогизмнің терминдері деп атайды.



Силлогизмнің терминдері кіші, үлкен және орташа болып үшке бөлінеді. Кіші термин деп тұжырымның субъектісі болатын ұғым саналады, ал оны өзіне кіргізіп тұрған алғышарт кіші алғышарт делінеді; тұжырымның предикаты үлкен термин деп, ал оның өзінде тұтатын алғышарт үлкен алғышарт деп аталады; екі алғышартта да бар, бірақ тұжырымда жоқ ұғым орташа термин болады. Бұл терминдер ретіне қарай S (кішісі), P (үлкені) және M (орташасы) деген латын әріптерімен белгіленеді. Орташа термин шеткі екеуін байланыстырып, логикалық қорытуға жол ашады, ол болмаса қорыту да мүмкін емес. Қарапайым кесімді силлогизмнің өз логикалық (жалпы және айрықша) ережелері бар. Орташа терминнің алғышарттарда алатын орнына байланысты силлогизмнің фигуралар деп аталатын төрт түрі, өз ретінде әр фигураның 16 модусы болады. Барлығы 64 модустың тек 19-ын ғана дұрыс қорытумен аяқталады, яғни логикалық ережелердің талабына сай келеді; бұлар дұрыс модустар деп аталады. Кесімді силлогизмдерден басқа күрделі ой тұжырымдары да болады. Мысалы, гипотетикалық ой тұжырымы, т.б.